

Мемлекеттік органдардың нысанды киім-кешектері мен нышандары жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 1230 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 307 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының нысанды киімдері мен нышандары мемлекеттік стандарттарының жобаларын қарау, олардың сапалық параметрлерін, нормалары мен бірыңғай мемлекеттік стильді қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қолдану практикасын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. 1-қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Мемлекеттік органдардың нысанды киім-кешектері мен нышандары жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.

2. 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік органдардың нысанды киім-кешектері мен нышандары жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 23 қарашадағы
N 1230 қаулысына
1-қосымша

Мемлекеттік органдардың нысанды киім-кешектері мен нышандары жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

| | |
|-------------------------|--|
| Алтынбаев | - Қазақстан Республикасы Қорғаныс |
| Мұхтар Қапашұлы | министрі, комиссия төрағасы |
| Әбдірахимов | - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік |
| Ғабидолла Рахматоллаұлы | қызмет істері жөніндегі агенттігінің төрағасы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша) |

- Бекбенбетов
Марат Төлегенұлы
- Аюбаев
Мұхтар Ақатұлы
бойынша)
- Сәрсенов
Аниятолла Өмірзакұлы
- Әбдіров
Кенжеболат Мұхамеджанұлы
төрағасының орынбасары
- Есжанов
Қанат Бөлебайұлы
бақылау комитеті төрағасының орынбасары
- Михалченко
Василий Николаевич
төрағасының орынбасары
- Шақуанов
Болат Аташұлы
комитеті төрағасының орынбасары
- Аппарбеков
Серік Сейітұлы
қызмет департаментінің бастығы
- Йбыраев
Болат Эбиүрұлы
министрлігі Тыл департаментінің бастығы
- Иванова
Наталья Николаевна
жоспарлау департаментінің директоры
- Қожымұратов
Асылбек Әубекірұлы
департаментінің директоры
- Сәттібаев
Әлейтжан Қалиғұмарұлы
- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қарулы Күштері тыл бастығының орынбасары - тыл бастығы басқармасы штабының бастығы, хатшы
- Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметі бастығының орынбасары (келісім бойынша)
- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыйайлас жемқорлыққа қары күрес агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының орынбасары
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттық әкімшілендіру комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитеті төрағасының орынбасары
- Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті төрағасының орынбасары
- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті төрағасының орынбасары
- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік өртке қары қызмет департаментінің бастығы
- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тыл департаментінің бастығы
- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Мемлекеттік аппарат, қорғаныс, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринария департаментінің директоры
- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс, әскери

бөлімдер және жедел ден қою
департаментінің директоры

Хасенов

- Қазақстан Республикасы Ауыл

Сақташ Сатыбалдыұлы

шаруашылығы министрлігі Өсімдіктерді
қорғау және карантині департаментінің

директоры

Шабақбаев

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратуrases

Марат Несіпбекұлы

Кадр жұмысы мен ішкі қауіпсіздікті
қамтамасыз ету департаментінің бастығы

(келісім бойынша)

Торғаев

- Қазақстан Республикасы Ұлттық

Мұқажан Рымжанұлы

қауіпсіздік комитетінің

Әскери-техникалық және қаржылық
қамтамасыз ету департаменті бастығының
бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Фролов

- Республикалық ұланның әскери-техникалық

Павел Михайлович

және қаржылық қамтамасыз ету

басқармасының бастығы (келісім бойынша)

Тілеуов

- Қазақстан Республикасы Ұлттық

Сәлімжан Атшыбайұлы

қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің

Тыл бас басқармасы бастығының орынбасары
(келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 23 қарашадағы

N 1230 қаулысына

2-қосымша

**Мемлекеттік органдардың нысанды киім-кешектері мен
нышандары жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы
ереже**

I. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік органдардың нысанды киім-кешектері мен нышандары жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) бірыңғай мемлекеттік стильді қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік органдардың нысанды киім-кешектері мен нышандарының стандарттары жобаларын әзірлеу және қарау жөніндегі

консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заннамасына, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комиссия өзінің қызметін Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссиямен (бұдан әрі - Республикалық комиссия) өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

4. Комиссия шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

II. Комиссияның негізгі міндеттері

5. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) мемлекеттік органдардың нысанды киімдері мен нышандарына қатысты бөлігінде мемлекеттік стильді қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

2) мемлекеттік органдардың нысанды киімдері мен нышандарының сапасы, қауіпсіздігі, бірыңғай мемлекеттік стилі, қолданылу және кио заңдылығы мәселелерін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

III. Комиссияның функциялары

6. Комиссияның негізгі функциялары:

1) мемлекеттік органдардың нысанды киімдері мен нышандарының сапасы, қауіпсіздігі, бірыңғай мемлекеттік стилі, қолданылу және кио заңдылығы мәселелерін регламенттейтін қолданыстағы мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құқықтық кесімдердің жаңасын әзірлеу мен қайта қарау жөнінде ұсыныстар дайындау;

2) мемлекеттік органдардың нышандарын көпшілік қолдану практикасын зерделеу және қажет жағдайда, оның Қазақстан Республикасында қолданылуы жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

3) мемлекеттік органдардың нысанды киімдері мен нышандары эскиздерін, суреттерін, үлгілерін, сондай-ақ мемлекеттік стандарттар мен басқа да нормативтік құжаттардың жобаларын қарау;

4) мемлекеттік органдарға арналған нысанды киімдер мен нышандар стандарттарын әзірлеуге, үлгілерін жасауға және шығаруға арналған мемлекеттік сатып алу жөніндегі тендерлер үшін жағдайларды дайындау шенберінде ұсынымдар әзірлеу;

5) мемлекеттік органдардың нысанды киімдері мен нышандарына мемлекеттік стандарттар әзірлеу, өндіру және оларға сәйкес қолдану мәселелері

жөніндегі мемлекеттік органдар мен ұйымдар жұмыстарының қорытындыларын зерделеу, талдау және қорыту;

6) мемлекеттік органдарға арналған нысанды киімдер мен нышандарды қолданудың құқықтық базасын жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

7) мемлекеттік нышандарды шығаруға, таратуға, насихаттауға, оларды әскери және өзге атрибутикада, мемлекеттік органдарда қолдану практикасында пайдалануға байланысты мәселелер жөнінде ұсыныстар дайындау болып табылады.

IV. Комиссияның негізгі өкілеттіктері

7. Комиссия қойылған міндеттерді шешу үшін:

1) қоғамдық бастауда орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шығармашылық және ғылыми ұйымдардың, оку орындарының мамандарын, республиканың ғалымдары мен мамандарын тартуға;

2) министрліктерден, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде ақпараттар сұратуға құқылы .

V. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

8. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан, хатшы мен Комиссия мүшелерінен тұрады.

9. Комиссия төрағасы:

1) Комиссияға жалпы басшылықты жүзеге асырады, оның отырыстарына төрағалық етеді;

2) оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес ұйымдастырады;

3) Комиссияның жұмыс жоспарларын бекітеді, күн тәртібін белгілейді және Комиссия отырыстарының хаттамаларына қол қояды;

4) Комиссияның қызметін жетілдіру және оның құзыретіне кіретін басқа да мәселелер жөнінде Комиссия мүшелерінің ұсыныстарын қарайды;

5) Комиссия жүзеге асыратын қызметі үшін жауапты болады.

10. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

11. Комиссия хатшысы:

1) Комиссия жұмысының ағымдағы және перспективалық жоспарларының жобаларын, оның отырыстарына материалдарды дайындауды жүзеге асырады, отырыстар күн тәртібінің жобасын төрағаның қарауына енгізеді;

2) Комиссияның іс жүргізуі үшін жауап береді және жұмыс жоспарларының

іске асырылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

3) осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Комиссияның жұмыс орғаны б о л ы п т а б ы л а д ы .

13. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет жүргізіледі және оның мүшелерінің жалпы санының 2/3 бөлігі болған кезде

з а н д ы .

14. Комиссия шешімі оның отырыстарына қатысатын мүшелерінің санынан кемінде 2/3 ашық дауыспен қабылданады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК